

Ересек жас тобы

Мерекелік іс-шаралар: "Бірлік түбі - береке"

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: "Бірлік түбі - береке"

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ МАҚСАТЫ: Балаларға 1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін жеткізу; ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға; көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интерактивті тақта, музыкалық аппарат, 1 мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күніне байланысты суреттер, ұзын белбеу.

САЛТАНАТТЫ ЖИЫННЫҢ БАРЫСЫ

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

Залдың ортасына бір бала шығады:

Мамыр қандай, шіркін - ай, мамыр қандай!

Айнала жасыл кілем жамылғандай.

Алатауым басына ақ шәлі орап,

Мойнына гүлден алқа тағынғандай.

Баланың тақпағынан кейін залға әртүрлі ұлттың киімдерін киген балалар шығады. Залда жарты шеңбер болып тұрады.

Педагог:

- Мамыр келсе халқымыз,

Мерекені тойлайды.

Балалар хормен:

Бейбітшілік, Еңбек, Мамыр жасасын!

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагог:

- 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында

дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномі - Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым.

- Бүгінде әрбір ұлтқа салт - дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Дегенмен бақыт, әділдік, бейбітшілік, жарқын болашақ үшін күрес олардың бәрінің басын біріктірді. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ мақалы.

- Қазақстан мемлекеті көп ұлтты. Біздің елімізде жүз отыздан астам ұлттар тұрады: ұйғыр, кәріс, дүнген, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжік, армян, әзербайжан, украин, белорус, түрік, шешен және тағы басқа шет мемлекеттен келген ұлттар біздің елімізде тіршілік етуде. Біз олармен татумыз, доспыз және бір - бірімізбен қоян - қолтық аралас өмір сүрудеміз.



Ортаға бір бала шығып:

- Біз балдырған тең басқан!

Дос құшағын кеңге ашқан.

Тілегіміз әділдік!

Ашық болсын кең аспан!-дейді де, осы баладан кейін басқа балаларға ортаға шығып мерекеге дайындап келген тақпақтарын айтады.

Балалардың тақпақтары.

Педагог:

- Әрқашан дос біргеміз,

Ажырамас іргеміз.

Ілгері жүріңдер,

Достық жырын біліңдер!- дей отырып, балалардың бүгінгі мерекеге арнап дайындаған әнін қабыл алыңыздар!

Ән.

Өзге ұлт өкілдерінің ұлттық костюмдерін киіп келген балалар достық, ынтымақ туралы даналық сөздер айтады.

Достық, ынтымақ туралы даналық сөздер.

1 - бала: Ынтымақ - достықтың бірлігі.

2 - бала: Ырыс алды - ынтымақ.

3 - бала: Достық күші - бірлікте.

4 - бала: Достық түбі - береке, береке түбі - мереке.

5 - бала: Ел бірлігі - ел теңдігі.

6 - бала: Ынтымақ жүрген жерде,

Ырыс бірге жүреді.

Педагог:

- Бүгін бізге өзге ұлт өкілдері қонаққа келіп қалыпты. Өзге ұлт өкілдерімен қазақтың "Кім жылдам?" ұлттық ойынын ойнайық. Балалар қызығушылық танытады.

"Кім жылдам?" ойыны.

Балалар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан педагог екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл баланың өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа балалар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі бала қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Педагог:

- Бұл керемет ойын болды! Жарайсыңдар!

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Болсын жер мен су да ортақ,

Болсын біздің ту да ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.- дей отырып, бүгінгі "Бірлік түбі - береке" атты іс-шарамыз соңына жетті.



